

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ:
ТАРИХИ БАҒДАРЫ, ДАМУ БЕЛЕСТЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ»
XVIII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕУРАЗИЯ ҒЫЛЫМИ ФОРУМЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
XVIII МЕЖДУНАРОДНОГО ЕВРАЗИЙСКОГО НАУЧНОГО ФОРУМА
«30 ЛЕТ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:
ИСТОРИЧЕСКИЙ КУРС, ВЕХИ РАЗВИТИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ»**

**MATERIALS
XVIII INTERNATIONAL EURASIAN SCIENTIFIC FORUM
«30 YEARS OF KAZAKHSTAN'S INDEPENDENCE:
HISTORICAL COURSE, MILESTONES OF DEVELOPMENT
AND PROSPECTS»**

Нұр-Сұлтан, 2021

ӘОЖ 94(574)
КБЖ63.3(5Қаз)
Қ18

Бас редактор

Сыдықов Е.Б., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма төрағасы-ректор, ҚР ҰҒА академигі

Жауапты редактор

Садықов Т.С., т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ тарих факультетінің деканы

Редакция алқасы

Мерзалинова Г.Т., Басқарма мүшесі – Ғылым, коммерциализация және интернационалдандыру жөніндегі проректор; Айтмағамбетов Д.Р., т.ғ.к., доцент, Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму жөніндегі проректор; Сайлаубай Е.Е., т.ғ.к., доцент, ЕҰУ «Ел тарихы» ҒЗО директоры; Сейтказина К.О., т.ғ.к., доцент, деканның академиялық мәселелер жөніндегі орынбасары; Ерменбаева Г.К., т.ғ.к., доцент, деканның ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары; Көшенова Ғ.И., т.ғ.к., доцент, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі; Үмітқалиев Ұ.Ұ., т.ғ.к., доцент, археология және этнология кафедрасының меңгерушісі; Дүкенбаева З.О., т.ғ.д., профессор; Мусабалина Г.Т., т.ғ.д., профессор; Ковальская С.И., т.ғ.д., профессор; Алпысбес М.А., т.ғ.д., профессор; Мусағалиева А.С., т.ғ.д., профессор; Сарсамбекова А.С., т.ғ.к., доцент; Сайлаубаева Н.Е., т.ғ.к., доцент; Кабылтаева С.К., PhD, доцент; Каженова Г.Т., т.ғ.к., доцент; Жанисов А.Т., т.ғ.к., доцент; Жапекова Г.К., т.ғ.к., доцент; Брынза Т.В., аға оқытушы; Абдуразаков М.Ф., аға оқытушы (тех. редактор); Бижанов А.С., аға оқытушы (тех. редактор); Оразаев С.Б., аға оқытушы (тех. редактор).

Редакция алқасының көзқарасы мақала авторларының пікірімен сәйкес келуі міндетті емес/Мнение автора публикаций не обязательно должно совпадать с мнением редакционной Коллегии.

«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері және болашағы» XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары. II том / **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**: Материалы XVIII международного Евразийского научного форума. II том / Жалпы ред. басқарған Е.Б.Сыдықов. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 557 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-588-5

Бұл жинаққа Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 25 жылдығына арналған **«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері мен болашағы»** атты XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары енгізілді. Ғылыми форумның жұмысы Президент Қ-Ж.Тоқаевтың **«Тәуелсіздік бәрінен қымбат»** бағдарламалық мақаласының идеяларын жүзеге асыруға бағытталды.

Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінде Қазақстан халқының маңызды жетістіктері көрсетіліп, тарих ғылымының неғұрлым өзекті тақырыптары бойынша дамуының кейбір қорытындылары шығарылып, одан арғы зерттеулердің болашағы айқындалды. Жинақтың материалдары ғалымдарға, мамандарға, студенттерге, әртүрлі деңгейдегі ұйымдар мен билік органдарының басшыларына қызықты болуы мүмкін /

В данный сборник включены материалы XVIII Международного Евразийского научного форума **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**, посвященного 30-летию Независимости Республики Казахстан и 25-летию ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Работа научного форума была нацелена на реализацию идей программной статьи Президента К-Ж. Токаева **«Независимость превыше всего»**.

В работах зарубежных и отечественных ученых отражены важнейшие достижения народа Казахстана и подведены некоторые итоги развития исторической науки по наиболее актуальным темам, определены перспективы дальнейших исследований. Материалы сборника могут быть интересны ученым, специалистам, обучающимся, руководителям организаций и органов власти разных уровней.

ӘОЖ 94(574)
КБЖ63.3(5Қаз)

ISBN 978-601-337-588-5

© Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

Әбу Әли ибн Сина мен Ибн Рушд болып саналады. Ибн Сина мен Ибн Рушд өздерінің еңбектерінде Әл-Фарабидің ой-пікірін жақтап, әлемнің мәңгілік екеніне сенді.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
2. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Атамұра, 2005. – 336 б.
3. Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерлері. – Алматы: Паритет, 2011. – 432 б.
4. Әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары. /Құраст.: Нысанбаев Ә., Құрманғалиева Ғ., Сандыбаев Ж. – Алматы: Арыс баспасы, 2009. – 656 б.
5. Аль-Фараби. Научное творчество. Сборник статей. /Ответственный редактор академик Гафуров Б.Г. – Москва: издательства Наука, 1975. – С. 181.
6. Сыздықов С.М. Қарлық – Қарахан мемлекеті: саяси тарихы және мәдени мұралары. – Астана: Фолиант, 2014. – 320 б.
7. Сыздықов С.М. Әл-Фараби және «Мәңгілік Ел» идеясы. Монография. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. – 400 б.
8. История Казахстана в Арабских источниках. Т. II. – Алматы: Дайк-Пресс, 2010. С. – 340.
9. Кенни Энтони. Батыс философиясының жаңа тарихы, 2-том, Орта ғасыр философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018 жыл. – 400 б.
10. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.
11. «Фарабитану» Қазақ халқының философиялық мұрасы сериясы. / Құраст.: Нысанбаев Ә., Құрманғалиева Ғ. – Жиырма томдық. – 16 том. – Астана: Аударма, 2006. – 440 б.

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ЕЛІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚТЫҢ ЭТНОГЕНЕОЛОГИЯЛЫҚ ШЕЖІРЕСІМЕН БАЙЛАНЫСЫ МӘСЕЛЕСІНЕ

Сыздықов С.М.

ҚР ҰҒА құрметті Академигі, т.ғ.д., профессор

Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті, Этносаралық қатынастар және ҚХА толеранттығы Орталығының директоры

Әл-Фараби туралы айтқанда ең бірінші көкейде оның қай елден шыққаны туралы сұрақ туындайды. Айта кету керек, осы уақытқа дейін ойшылдың шығу тегі туралы түркі не болмаса қыпшақ делініп, нақты емес, жалпылама айтылды. Бұған көбінесе, XI ғасырдың ортасына қарай, Отырар өлкесінің «Қыпшақтар даласы» (Дешті Қыпшақ) атанған аймаққа кіруі себеп болған еді. Бірақ әл-Фараби өмір сүрген IX-X ғасырларда қыпшақтар қимақтар құрамында болып, Ұлы Даланың шығыс және солтүстік аймақтарын мекендеген болатын. Бұл кезде Отырар өлкесі Жетісумен бірге құрамына Батыс Түрік («Он оқ») және Түргеш ру-тайпаларын енгізген Қарлық қағанаты қол астында болатын. Тек XI ғасырдан ортасына қарай қыпшақтар күшейіп, жеке хандық құрды және бүкілқазақ даласы сол кезден бастап «Дешті Қыпшақ» болып атала бастады. Қарлық елінің басым бөлігі осы кезде Дешті Қыпшақтың құрамына кіріп, қазақ халқын қалыптастыру процесіне қатысты. Міне, осыдан барып, көпшіліктің осы қалыптасқан геоэтнонимге («Дешті Қыпшақ») байланысты әл-Фарабиді қате түсінікпен қыпшақ деп тануына алып келді. Сондықтан әл-Фараби заманы болған IX-X ғасырларды тарихи контексте нақты деректермен қарастыру ұлы ойшылдың қарлық елінен шыққандығын көрсетеді.

Әл-Фараби шыққан қарлық елінің этникалық құрылымы және оны қазіргі қалыптасқан түркі халықтарының ру-тайпалық генеологиялық жіктелісімен, яғни бір-бірімен туыстық дәрежесін айқындайтын шежірелік деректермен байланыстыра зерделеудің маңызы зор. Сондықтан қарлықтардың тарих сахнасына шыққанынан бастап, өздері құрған Қарахандар мемлекетіне дейінгі кезеңдегі этникалық үрдісін қарастырып көрелік.

Қарлық елі VI ғасырда Қытайдың «Таншу» деректері бойынша Алтай мен Балқаш көлінің аралығында, Тарбағатайдың солтүстігі мен оңтүстігі жағында «моула», «чжисы» және «ташили» атты үш тайпалық бірлестіктен тұрған. Қарлықтың басты тайпасы деректерде «було» немесе «моуло» болып аталған. Ориенталистер оны було > бұлақ > болат деп қалпына келтіреді [1, 68-74-б.]. Було (болат) тайпасы алғашында Алтайда, кейін

қарлықтардың басқа ру-тайпаларымен бірге Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанға келіп орналасқан. Махмұд Қашғари сөздігінде Арғу елі туралы айтқанда қарлық құрамындағы Баласағұн мен Исфиджаб қалалары кездеседі. Міне, осы Баласағұн атауының екі түбірі бары байқалады. Бірінші түбір – «боло»-«було», яғни тайпа аты, ал екіншісі – «сагун» – ежелден қарлық ру басшысына берілетін атақ болған [2, 128-198-б.].

«Таши-ли» (далалық) этнонимін ориенталистер «тазылық – таз» (көне түркі тілінде – «тастак»), «далалық аймақ» деген мағынада қалпына келтіреді. Таздардың ерте кезде ірі тайпалық бірлестік құрғанын олардың қазірде бірнеше түркі тектес халықтың құрамында кездесуі дәлелдейді. Олардың ру-тайпалық құрылымы алтайлық құмандарда (тас), қазақтарда Ұлы жүзде: жалайыр – таз; ошақты – тасжүрек, ысты – тасжан, ауыз үсіген – таз; шанышқылыда – тас тоғызақ, дархан – таз; дулатта – жаныс-байтас, битас – таз; Орта жүздегі қыпшақта – тастемір, тасқар; арғында: тас – арғын, қаракесек – таз, тас – қоян; керей – таз, найман – ақтаз; қоңыратта – тиес – таз; Кіші жүзде – таз; байұлы – тәзіке; керейт, тама, адай, шөмекейдің де бір-бір атасы болып кездеседі [3, 114-154-б.]. Сонымен қатар қырғыздарда (сарыбағыш тайпасының таздар руы), өзбектерде (тас қатаған, Зеравшандағы маңғыт тайпасының таз руы), түрікмендерде (иомуд құрамындағы таздар немесе дазы) және ноғайларда (таз руы) кездесетінін айту керек. Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, қарлықтардың ташили (таз) тайпасының басқа түркі тектес халықтарға қарағанда қазақтың үш жүзінде де барлық негізгі руларының құрамында басым орын алғаны байқалады. Бұл жерде әл-Фараби заманында Оңтүстік Қазақстанды Жетісумен қоса қарлық ру-тайпалары бірлестігінің билегенін айта кеткен жөн. Қыпшақтар ол кезде Кимек қағанатының құрамында болып, Қазақстанның солтүстік аймақтарында орналасты. Бірақ қарлық, қыпшақ, оғыздардың бірігіп, батыстағы печенектерді Каспийдің батысына қарай ығыстырғаны тарихтан мәлім. Сонымен қатар тарихи деректерде IX ғасырдың басында арабтардың шабуылы кезінде жеңіліс тапқан Фараб бекінісін қорғаған қарлық жабғуының кимектерге (қыпшақтарға) кетуге мәжбүр болғаны, ал жанұясының арабтарға тұтқынға түскені туралы дерек бар [4, 159-б.]. Сонымен бірге Қарлық қағанаты кезіндегі таздардың ізін сол кездегі Бесбалық үшін күресті бейнелейтін «Манас» эпосындағы сюжеттерден де байқауға болады. Онда «қыпшақтардың тазы» деп көрсетіледі. Бұл оқиғалар және жоғарыда қыпшақтар құрамында қарлықтардың таз руының болуы түркі дәуірінде қарлық және қыпшақ ру-тайпаларының бір-біріне жақын туыстық қатынасы болған деген тұжырымды жасауға мүмкіндік береді.

Қарлық құрамындағы келесі бір ірі тайпалық бірлестік «чисы» болды. Мұны ориенталистер қытай иероглифінен аударғанда «чигил» (шігіл) деп оқып, қалпына келтіреді [5, 170-б.]. Сонымен қатар басқа деректерде кездесетін бұл атауды П. Пельо «софы» түрінде оқыды [6, 248-б.]. Олар ертедегі түркі руналық жазуларында «чик» деп түсірілген. Жоғарыда келтірілген «чик ~ чисы» атауының қазақтың Кіші жүз бөліміндегі әлімұлының ең үлкен және көп тараған атасы – шектімен сәйкестендіруге болады. Шектіні ертеден Түрік қағанаты кезінен белгілі екенін Білге қаған бітіктасындағы «чик» атауынан көруге болады. М. Қашғаридің сөздігінде шігіл – үш тайпаның аты. Біріншісі – көшпелілер Куяста тұрады. Екіншісі – Таласқа жақын, ал үшіншісі – Қашғардың тұрғындары [7, 330-б.]. Шекті, шөмен (әлімұлы) Кіші жүздің ішінде қаракесектің құрамына кіреді [8, 305-б.]. Бірқатар ру таңбалары Ұлы жүздегі албан мен дулаттың таңбаларына ұқсас. Сонымен қатар арғынның жеті момын (қанжығалы, тобықты, бәсентиын, атығай, қарауыл, саржігіт, шақшақ) ұрпақтарының таңбасы «жоғарғы шекті» және «төменгі шекті» болып, руларының қосалқы атаулары да «ақ софы», «қара софы», «сары софы», «тәнбі софы» деп таралады. Бұл да жоғарыда аталған чисы атауының екінші «софы» нұсқасына сай келеді. Жалпы бұл тұжырымдар әлі де тереңдеп зерттей түсуді қажет етеді. Алайда деректердің көнелігі және бір-бірімен сәйкес келуі кездейсоқ емес екендігін де байқатады.

VIII ғасырдың ортасынан бастап қарлықтар батысқа жылжығанда, бұрынғы «Он оқ» елі мен» түргештердің ру-тайпаларын біріктіріп, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан территориясы және Сырдарияның ортаңғы ағысы аймағында конфедерациялық бірлестік

құрды. Осы кезеңде қарлық бірлестігінің құрамында тоғыз ру-тайпалық топ болды. Қарлық ру-тайпалық жүйесін неғұрлым толығырақ сипаттаған әл-Марвази олардың тайпалық одағының үш бөлімшесі жікіл (чигил), үшеуі бескіл, біреуі бұлақ, біреуі көкеркін, біреуі тухси және тағы екеуі лазана мен фарахиядан тұратыны айтылады [9,385-394-б.]. Құлан мен Мирки (Меркі-С.С) аралығында қарлықтардың үш тайпасы: бистан, хим, бириш, ал Керминкетте лабан тайпалары тұрған [10, 81-б.]. Жоғарыда келтірілген этникалық атаулардың чигил, бұлақ (бұлар чигил – шекті, бұлақ – було, болат деп жоғарыда қалпына келтірілді), бириш, хим, лабаннан басқаларының күрделілігіне байланысты олар туралы нақтылы шешімге келгенше ориенталистердің еншісіне қалдыра тұруға тура келеді. Ал «лабан» болса бұл түркі тектес елдерге кеңінен тараған және қазақтың Ұлы жүзіндегі албан тайпасымен толық сәйкесетіні дәлелденген [11,310-б.]. «Хим» – дулат руының төрт атасының бірі Сиқыммен сәйкестендіріледі. Ал «бириш» Кіші жүздегі ескіден келе жатқан «Беріш» тайпасы екені айқын. Сонымен қатар қырғыздардағы «ичкилик» (шекілік) және өзбектердегі «ишкили» тайпалары да чигилмен байланысы бар екендігі туралы этнологтардың пікірлері жиі кездеседі [8, 308-309-б.].

Түркі дәуірінің негізгі тарихи деректері болып саналатын көне түркі жазба ескерткіштері мен қытай жылнамаларында қарлық ру басылары «елтебер» лауазымымен көрсетілген. Бұл «елтебер» атауын қазақтың ауызекі шежірелік аңызынан да көруге болады. «Елтебер» титулының басқару жүйесіндегі туралы Г. Дерфер толығырақ ашып көрсеткен. Оның айтуынша, «елтебер» түркілердің бір-бірімен одақтас, жекелеген рулардың басқарушысы болған [12, 189-б.]. Шынында да, қарлықтар үш тайпалық одақ құрып, тарих сахнасына шыққанда әр тайпаны «елтебер» басқарды. Олар кейін бірігіп, ежелгі түркілердің саяси билігінің мұрасы үшін күрескенде әр тайпаның басшысы болған «елтебер» лауазымы сақталына отырып, үш тайпаның саяси одағын «жабғу» басқарды. Бұл кезде қарлықтарда «елтебер» және «жабғу» сияқты билік жүйесі бар бектік басқару институты қалыптасқан. Мысалы, Кули чорды талқандаған Шығыс Түрік қағанатының батыс шекарасын қорғаушы Тардуш бек қарлықтардан екендігі «Ихе Хушоти» жазуында былай көрініс береді:

14. ... Білге Кули чор тардуш халқына билік жүргізетін.

18. ... қарлықтар дұшпан ... болғанда, Тезде шайқасқанда.

20. ...қарлықтарға қарсы ... барып, қайтадан ел-жұртың үстіне соғыс кіргізді. Қарлықтар аттанды; мұнша әскер.

21. Қарлықтар ...Елтебер бар өзі келді[13,138-139-б.].

Қазақ шежіресінде Кіші жүз құрамындағы алты ата әлімұлы, шөмен және кете рулары қаракесек тобын құрайтындығы айтылды. Сонымен бірге Орта жүздің арғын руының Болатқожа атасынан тарайтын үш қаракесек тағы бар. Міне, осы қаракесек шежіресінің қазақтың өлеңмен айтылған ауызекі тарихи аңызында «төрт теберден» бастау алады. «Елтебер» (ел+тебер) – қарлықтарда ежелден рулық дәрежеде қалыптасқан басқару институты болғандықтан, «тебер» – қаракесектің де шежіресінің басталу кезеңіндегі таксономиялық дәрежесінде орын алған.

Қазақтың ауызекі ескі шежіресінде:

Басталық Қаракесекті төрт Теберден, Тебер деген атамыз екен ерден,

Есіл-Тобыл екі ұл бір заманда, Шамасы бір атадан екен өрген.

Олайша аталуы тегін емес, Қос ұлды қос өзенге телген екен.

Есіл біздің атамыз осы жаққа, Сол Есіл өзенінен келген екен.

Есілдің Тебер болуы тегін емес, Туыстар арасында болған егес,

Еншісіне өкпелеп, қазан теуіп, Көшкен соң Тебер аты болған үлес [110].

Осы шежіре-өлеңде қаракесекті төрт теберден таратып отыр. Әлімұлы Ұланақтың екі (қаракесек) ұлы бірі – Есіл, екіншісі – Тобылдың екінші аты – Қазантебер [14, 139-б.]. Шежіреде қаракесектің төрт теберден басталуының себебі мынада: әуелде тарих сахнасына үш қарлық болып шықса да, кейінолардың ішінен төртінші – чисы (шігіл) тобы күшейіп, бөлініп шыққандығына байланысты болды. Бастапқыда қарлықтар Тан империясына номиналды тәуелділікте еді. Тан империясы шігілдердің күшейіп бөлек шығуына

байланысты олар үшін жеке «тұтық», яғни әкімшілік құрғаны тарихтан белгілі. Қарлық халқын әуелде үшке, кейін төртке бөліп, «тұтық» (округтер) құрған [15, 41-б.]. Сөйтіп, қарлық елін төрт елтебер басқаратын болған.

Қарлықтардың қазақ тілімен ұқсастығы және байланысы туралы арнайы зерттеулер жоқ. Әдетте тілді зерттеушілер қарлық тілін ұйғыр, өзбек тобына жатады деген тұжырымды қолдап, әрі қарай қазақ тілімен байланысына тереңдеп бара бермейді. Алайда тіл маманы болмай-ақ, қазақ пен қарлық тілінің жақындығын олардың дыбыстық диалектісіне қарап байқауға болады. Біз қарастырып отырған кезеңде-ақ, қарлық ру-тайпалық бірлестіктері араб-парсы деректемелерінің мәліметтеріне қарағанда, негізінен, екі түрлі: бір тобы – «ж», екінші тобы «и» дыбысты диалектіде сөйлеген. Ол туралы кезінде Махмұд Қашғари да өз сөздігінде жазған. Қарлық ру-тайпасының билеушілері ж дыбысы арқылы «жабғу» деп аталған. Мысалы, 840 жылы Жетісуда өзін қаған етіп жариялаған Қарлық қағанатының билеушісі Білге Күл Қадыр «жабғу» кейін «хан» атағын иемденгені белгілі. Көрнекті ғалым А.Н. Бернштам «жабғу» титулының шығу төркінін Гардизидің тарихи аңызы арқылы «ж» диалектісі негізінен қарлықтарға тән екенін дәлелдеді. Сонымен бірге ол «ж» дыбысты диалектісіндегі түркілерді қазақ этногенезімен тікелей байланыстыру қажеттігін айтты [16, 17-24-б.]. Қарлықтардың «ж» диалектісінде сөйлегенін өз еңбектерінде шетелдік ғалымдар да дәлелдер келтірген [17, 104-б.; 18, 92-б.; 19, 10-б.]. Бұған тек қосатынымыз, қарлықтар VIII ғасырдың екінші жартысында «Он оқ» елі мен түргештерді өздерінің ру-тайпалық конфедерациясына қосып алып, ж дыбысты диалектісін одан әрі күшейтті және Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда бұл диалект қазақ халқының ортақ тілінің қалыптасуында басым рөл атқарды деуге болады. Бұл «ж» дыбысты диалектілік ерекшелік қазірде Қазақстан территориясының басым бөлігінде тұрақты және қыпшақ тобындағы қазақ тіліне тән болып келетіні қазіргі тіл ғылымында белгілі жағдай.

Қазақ шежіресі бойынша барлық ру-тайпаның өзіндік таңбасы болғаны мәлім. Оның Түрік қағанаты кезінде әрбір руға еншілеп берілгені тарихи деректерде айтылған. Мысалы, көне түркі эпикалық дәстүрі – «Оғызнамеде» Оғыз қаған: «Біздің елтаңбамыз болсын, ұранымыз – бөрі болсын!» деп жарлық берген екен. Сондықтан елтаңба иелену ежелден, түркі дәуірінен келе жатқан дәстүр болған. Қазақтың үш жүзіндегі рулар кірген Қарлық қағанатының (құрамына «Он оқ» және түргеш ру-тайпалары кірген) елтаңбасы (кескіні) домбыра тәріздес болған [14, 117-б.; 20, 46-б.]. Бұны қазақ елінің түп-төркіні ортағасырлық түркі дәуіріндегі қарлық ру-тайпаларымен тікелей генеологиялық байланысы бар екенін білдіретін маңызды дереккөзі ретінде санауға болады.

Орта ғасырларда қарлықтардың мінетін аттарының ерекшелігі де қазақтың жылқысымен сәйкес келеді. Қарлықтар мінетін ала аттар – жалпы түркі тілдес халықтардың ежелден келе жатқан аңыз-ертегілері мен эпостық жырларында жиі кездеседі. Әсіресе ала аттың өмірге келу тарихы өте қызықты болып келеді. Көбінесе мұндай жылқылар тұқымының үй жылқыларымен даланың жабайы жылқыларын будандастыру арқылы алынғаны мәлім. Тарихта қарлық ру-тайпаларының осындай жолмен алған жылқыларын сатып алуға арабтардың арнайы экспедициялары жабдықталғаны айтылады. Аңыз-ертегілер мен дастандарда, мысалы: «Қорқыт Ата кітабындағы» Бамсы Бейректің аты «боз айғыр» [21, 155-б.], «Алтын арғақ» дастаны, «Манас» эпопеясы мен қазақтың «Керқұла атты Кендебай» аңыз-ертегісіндегі аттар да «судан шыққан ала айғыр», «құланның сүтімен асыраған құлын» болып келеді.

Яньто жылқылары Тунло тайпасына ұқсас, ала аттардың тұқымынан шыққан, жалы қара болып келетіні жайлы Ю.А. Зуев «Тамги лошадей из вассальных княжеств» атты еңбегінде баяндайды [22, 97-б.]. Ал «Қорқыт Ата кітабында» «Қара жалды Қазылық атына Қаңлы Қожаұлы Торалының мінуі» немесе сол кітапта «Қазылық ұлы Иекенек бек баянының» болуы ежелгі түркілерде ала аттар тұқымдарының барлығына «Қазылық» деген жалпы атау берілгенін мегзейді. Ала аттардың тұқымдары таулы жердің су бойында жүретін жабайы жылқылардан пайда болса, оларды тау жылқылары немесе «Қазылық аты» деп атауы қисынды. Оны біз Қарлық түркілері атауының этимологиясынан да көреміз. Қарлық

атауының түбірі «қар» ежелгі түркілерде «тау, қыр» деген мағына беретіні белгілі. «Оғызнамеде» «қарлық» атауының шығуы Алтайдағы Мұзтаудан Оғыз қағанның жоғалған шауқар айғырын тауып берген бекпен байланысты болған [23, 32-42].

Қарлықтардың алғаш тарих сахнасына шыққан кезде Алтай өңірін мекендегенін Қытай деректері растайды. Ал «Мұзтау (орысша аты Белуха) – Алтай тауларының ең биік нүктесі (биіктігі 4506 м). Қазақстан мен Ресей шекарасында орналасқан Мұзтау қос өркешті, яғни аттың еріне ұқсайды. Мұзтаудың жан-жағы көзкөрім көкжиекке дейін ала шұбар шың жартастар» деп суреттейді жазушы Ә. Асқаров [24]. Ежелден қарлықтар мен қырғыздардың одақтас көрші болып талай тарих сынынан өткен сияқты, кейін қазақ-қырғыз қатынасында да ала шұбар жылқылар ерекше орын алған. Сонымен сөзіміздің түйіні – ру-тайпалық және жылқылардың таңбалары түркі халықтарының саяси-этникалық тарихының мәселелерін қарастыруда маңызды тарихи деректер ролін атқара алатындықтан, оларды зерттеу және қолданысқа енгізу – бірден-бір қажеттілік.

Түркі дәуірінде қазіргі Қазақстан аймағы «Қазылық» («Хазлажия»)- әл- Идриси картасында [25,8-б.] атауымен Батыс Түрік қағанатына кіріп, Ұлытау өңірімен жалғастықта бір тағдырлас тарихты өлкені құрады. Әл Идриси картасындағы «Хазлажия» өлкесінің атауы осы «қазылық» сөзінен шығуы хақ.«Қорқыт Ата кітабында» Ұлытау, Кішітау, Ортау (Ортаг), Кертау, Құтты қия (Ортаудың биік шыңы), Қазылық және т.с.с. таулар мен жер-су аттары жиі кездеседі. Бұлардың барлығы Түркі ру-тайпалары мен қағанаттары дәуірінде қазақ халқының құрылуына негіз болған төскейде малы бір, төсекте жаны бір түргеш, оғыз-қыпшақ-қарлық ру-тайпаларының көшіп-қонып жүрген жерлері еді. Әсіресе Арқа өңірін қарлық ру-тайпаларының мекендегенін қытай деректері хабарлайды. Атақты ғалым Ә. Марғұлан: Қарқаралының күншығысында Семейдің күнбатысында тұратын биік тауларды (Кент, Мыржық, Абыралы, Дегелең) ерте заманда қарлықтардың қоныстанып отырғанын қытай тарихы ашық жазған. Сондықтан кейбір ғалымдардың Қарлықты – Қазылық деп атауы осыдан шыққан. Мысалы, араб саяхатшысы Әбу Дулаф«Рисалас» («Жазба») шығармасындағы «харлұқ» сөзі «хазлақ» деп оқылғаны да мәлім. Қазылық «Манас» жырында да жолығып отырады. В.В. Радлов Қазылық тауы Қазақстан жерінде екенін ашық мысалмен келтірген. Қарқаралы тауларын Қазылық деп атау ертеден белгілі. Бұл атау «Қорқыт Ата» дастанының қалыптасу кезінен бастап, XX ғасырға дейін жиі айтылып жүрген[26, 217-б.].

Жалпы «қазылық» сөзінің ертеректе қазақ арасында кеңінен бір тараған мағынасы – билік айту, төрелік ету. «Қорқыт Ата кітабындағы» «Қазылық ұлы Ер Жүгенек» жырында Қазылық қожа – уәзір ретінде кейіпкер. Бұдан «қазылық» пен «уәзір» бір мағынада, яғни, қазақша айтқанда, «би» мағынасына келіп тұр. Жалпы билер институты – қазақ мемлекеттілігінің негізгі буыны. Қазақтар Ұлы Далада көшіп-қонып, шаруашылығын жүргізу үшін ең бірінші шарт – еркіндіктің болуы еді. Хандық бюрократиялық басқару жүйесінің де керегі жоқ болды. Өйткені ондай аппаратты асырау үшін салық төлейтін. Сонымен бірге ханға керекті әскерді қамтамасыз ету үшін әр үйден сарбаз беру керек еді. Бұндай жағдай түркі дәуірінде қарлық елі де бастан кешірді. Шығыс Түрік қағанаты маңайындағы басқа түркі ру-тайпаларды өздеріне тәуелді еткісі келгенде қарлық ру-тайпалары қарсы шықты. «Үлкен Күлтегін» бітіктасында: «Күлтегін 27 жасында еркіндік пен тәуелсіздікте болған Қарлық халқы дұшпан болды» [27, 48-б.] депжазады. Көне түркі жазба ескерткіштерінде тек қарлық ру-тайпаларына ғана осылай еркін жүрген деп жазылған. Басқа түркі ру-тайпаларын айтқанда «еркін» деген сөз еш жерде кездеспейді. Сондықтан қарлық ру-тайпалары бектер (билер), яғни қазылық құру арқылы басқарылып, емін-еркін Ұлы Далада көшіп-қонып жүрген. «Қазақ» атауының басты мағынасының да «еркін» болуы осыдан. Отандық түркология ғылымының көрнекті өкілі, академик А.К. Құрышжанов өзінің «Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII века» атты зерттеу еңбегінде «қазақ» сөзінің «еркін», «кезбе», «тәуелсіз» деген мағына беретінін лингвистикалық жолмен, ғылыми түрде дәлелдегені белгілі. Жалпы «қазақ» атауының мағынасы туралы қандай да нұсқасы болмасын «еркін» сөзі тұрақты айтылады. Қарлықтарды

еркін жүрген тайпалық қауым деп атаумен бірге олардың Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда билік орнатқан кезіндегі ру-тайпалық құрамы туралы араб саяхатшысы Мұхаммед әл-Ауфи 1228 жылғы кітабында: «...қарлықтар тоғыз ұлысқа бөлінген, бұлардың ішінде үш тайпа шігіл, үш ұлыс касак бар» [28, 42-б.] дейді. Мұнда «үш ұлыс касак» деген атаудың кейінгі «қазақ» атауының қалыптасуындағы алғашқы нұсқасы болуының мүмкіндігі зор.

Қарлықтардың басқару институтында басты лауазым – «бек» болды. Ол қарлықтардың тілінде «жабғу» деп аталды. Жекелеген руларын «елтебер» билесе, қарлықтардың біріккен үш рулы тайпасын «жабғу» басқарды. Бектік институттың күрделі түрі – бірнеше ру-тайпадан тұратын бірлестікте қатардағы бектермен бірге олардың үстінен билік жүргізетін аға бектің болуы. Оны ортағасырлық эпикалық «Оғызнаме» тарихи шығармасынан көруге болады. «Оғызнамеде» Мұзтауда жоғалып кеткен Оғыз қағанның айғырын тауып алып келген бекке қаған: «Ай, сен бектерге бек болған бастық, Менен саған ат болсын Қағарлық!»- деп айтқан. Қ. Өмірәлиев қағарлықтың бектерге бек болуына ерекше көңіл аударып: «Осы жерде тарихи деректің ізі бар: Қағарлық ер бек – Қарлық тайпасының жиынтық образы» дейді [29, 92-б.]. Шынында да, қарлықтар тарих сахнасына шыққан кезде Алтайдың Мұзтауының маңайында көшіп-қонып жүрген. Қарлықтар Мұзтауды киелі деп оған табынатын болған. Егер де «Мұзтау» қарлықтардың ертеден қоныс қылған Алтай таулы өлкесін нұсқаса, ал «бектерге бек болу» – оның Жетісуда түргештер мен он оқ тайпаларын өз қағанатының қол астына біріктірген кезін, яғни VIII ғ. орта тұсын мегзейді.

Қарлықтардың түркі дәуіріндегі бектік басқару жүйесі мен қазақтың Қазақ хандығы тұсындағы билер институты да бір-бірімен ұқсас болып қана қоймай, олардың бірінен екіншісіне сабақтастықпен жалғасу, яғни эволюциялық даму сатысынан өтті. Патша үкіметі қазақтың билер институтын қоғамды артқа сүйреуші күш ретінде көрсеткісі келгенімен, қазақ даласындағы билер институты өзінің әділдігімен, туралығымен көзге түсіп, сол арқылы қоғамның, халықтың сеніміне ие болғандығы анық. Сонымен, қорыта келгенде, түркі дәуіріндегі бектік институт өзінің эволюциялық дамуы нәтижесінде Қазақ хандығы тұсында билер институтына өтіп, мемлекетті тұрақты дамытушы, яғни басты әлеуметтік-қоғамдық факторға айналғанын көруге болады.

Жалпы ортағасырлық Орталық Азиядағы саяси-этникалық процестердің шым-шытырық күрделі түйіндерін шешуде этноним мен этностың әр тарихи кезеңдерге байланысты арақатынасын анықтаудың маңызы зор. Бұл ретте Ю.А. Зувейтін: «Біз көбінесе этнонимнің тарихын қарастырамыз да, оның иелерінің тарихына көңіл бөлмейміз» [30, 113-б.] деуі орынды. Қарлықтардың VII-VIII ғасырларда Алтай мен Тарбағатайда «үш қарлық» этнонимімен тарих сахнасына шығуы», ал VIII-X ғасырларда Жетісу бойында қарлықтардың үстемдігі мен Қарахандар әулеті тұсындағы және одан кейін моңғол шапқыншылығы мен олардың ұлыстары кезеңіндегі «қарлық» этносы мен этнонимінің арақатынасы біркелкі болмай өзгеріп отырды. Алайда қандай да болсын халықты этникалық тұрғыдан қарағанда этноним мен этнос арасындағы белгілі бір дәрежеде тұрақты сәйкестікті де естен шығаруға болмайды.

Жоғарыда айтылғандар белгілі бір заңдылыққа бағынады. Ғасырлар тереңіне шегінген сайын этноним мен этнос сәйкестігі арта түссе, керісінше, қазіргі заманға жақындаған сайын түрлі тарихи кезеңдерде құрамына жаңа этникалық компоненттердің енуіне байланысты этнос түбірлі өзгеріске ұшырауы да мүмкін. Нәтижесінде этнонимнің алғашқыда берген мазмұны кейін өзгеріп, ол енді жаңадан қалыптасқан этникалық қоғамдастықтың атауына айналады. Сонымен қатар, этникалық қоғамдастықтың ыдырауы кезінде оның кейбір бөліктері бұрынғы атауды бүтіндей сақтап қалуы да тарихта жиі кездеседі. Алайда ол атау ендігі жерде жаңа, тар мағыналық сипат алуы мүмкін (мысалы, Тәжікстан мен Өзбекстандағы қарлық атауымен жүрген этностық топтар, қазақ шежіресіндегі Алтай-Қарпық т.б. айтуға болады).

XII-XIII ғасырларда басында өздері құрған Қарахандар әулеті мемлекетінің ыдырауына байланысты қарлықтар жеке хандықтар құра бастағанда (Алмалық, Қойлық, Хазар-қарлық) моңғол шапқыншылығына ұшырады. Сөйтіп, қарлықтардың өздерінің

этнический процесс формирования казахского народа. Отсюда вытекает, что казахский народ формировался в результате длительного процесса этнической интеграции, в ходе которого происходило сращивание различных этнокультурных групп. Этот процесс был обусловлен географическими условиями, историческими событиями и культурными традициями. В результате сложился единый казахский народ, обладающий уникальными чертами культуры и традициями.

Следовательно, казахский народ формировался в результате длительного процесса этнической интеграции, в ходе которого происходило сращивание различных этнокультурных групп. Этот процесс был обусловлен географическими условиями, историческими событиями и культурными традициями. В результате сложился единый казахский народ, обладающий уникальными чертами культуры и традициями.

Использованные источники:

1. Зуев Ю.А. Историческая проекция казахских генеологических преданий// Казахстан в эпоху феодализма–Алма-Ата: Наука,1981. – С.68-74.
2. Махмуд ал Кашгари. Диван Лугатат- Турк / Перевод, предисловие и коммент. З.А.Ауэзовой. Индексы составлены Р. Эрмерсом. – Алматы: Дайк Пресс, 2005. – С. 379.
3. Қазақ шежіресі. – Алматы: Атамұра, 1994. – 160 б
4. Ал-Азраки. Китабахбар ал-Макка. – ч.1. – Лейпциг, 1859. – 159 б.
5. Малявкин А.Г. Танские хроники о государствах Центральной Азии. Тексты и исследования. – Новосибирск: Наука, 1989. – 170 с.
6. Pelliot P. Neuf notes sur des questions d Asie Centrale // Tong Pao. 1929. – vol. 26. - P. 243-251.
7. Махмуд ал- Кашгари. Диван лугатат - турк. – Т. I. – Стамбул, 1915. – 330 с.
8. Алпысбес М. Қазақ шежіресі. Тарихнамалық-деректанулық зерттеу. Монография. – Астана, 2013. – 308 б.
9. Шараф ал-Заман Тахир Марвази. Таба-И ал-Хайаван [Текст] // Хрестоматия по древней и средневековой истории Кыргызстана. – Бишкек, 2007. – Т. 1. – 394 с.
10. Худуд ал – алам. Тегеран: Изд. Сетуде., 1962. – 81 с.
11. Қазақстан тарихы (4 томдық). – Т. I. – Алматы: Атамұра, 1996. – 310 б.
12. Doerfer G. Turkisch und mongolischeElementeim Neupersischen, I –IV. – Wiesbaden, 1963, 1965, 1967, 1975. – 670 p.
13. Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық Атласы (1-том). – Алматы: Samga Press, 2019. – 376 б.
14. Қазақ шежіресі. – Алматы: Атамұра, 1994. – 160 б.
15. Малявкин А.Г. Танские хроники о государствах Центральной Азии.Тексты и исследования. – Новосибирск: Наука, 1989. – 170 б.
16. Бернштам А. О древнейших следах джекания в тюркских языках Средней Азии // Памяти академика Н. Я. Марра.– М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1938. – С. 17-24.
17. Poppe N. Altaisch und Vortürkisch // Ungarische Jahrbücher.– Bd. VI.– Н. 1926.– S. 98-109.
- 18.Karlgren B. Analytic dictionary of Chinese and Sinno-Japanese.– Paris, 1923. – 436 p.
- 19.Кляшторный С.Г., Савинов Д.Г. Степные империи Евразии. СПб: Фарн, 1994. – 166 с.
20. Қазақтың көне тарихы (1987 жылы араб ғарпымен Шыңжан ғалымдары жазған кітаптың М. Қани дайындаған көшірмесі). – Алматы: Жалын, 1993. – 420 б
21. Қорқыт Ата. Энциклопедиялық жинақ. –Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1999. – 460 б.
22. Зуев Ю.А. Тамги лошадей из вассальных княжеств // Труды Института истории, археологии и этнографии АН Казахской ССР.– Т.8. – А., 1960.
23. Щербак А.М. Огуз-наме, Мухаббат-наме. – М.: Изд.Восточной Литературы, 1959. – 169 с.
24. «Егеменді Қазақстан». 2003, 27 тамыз.
25. Караев О. Земли тогуз-огузов, карлуков, хазлажия, хилхия, кимаков и киргизов по карте аль Идриси / Арабо-персидские источники о тюркских народах. – Фрунзе, 1973. – С.8.
26. Марғұлан Ә. Ежелгі-жыр аңыздар. – Алматы, 1985. – 368 б.
27. Orkun H.N. Eski Türk Yazıtları. I – III, İstanbul, 1936, 1938, 1940.
28. Marqvart J. Uber das Volkstum Komanen. – Berlin, 1914.
29. Өмірәлиев Қ. Оғуз қаған эпосының тілі. – Алматы: Ғылым, 1988. – 280 б.
30. Из древнетюркской этнонимии в китайской транскрипции // Вопросы истории Казахстана и Восточного Туркестана.– А., 1962.